

Ақмола облысының аумағында карантиндік режимінің күшін жою және "Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып карантинді аймағын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 мамырдағы №А-5/270 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № А-5/279 қаулысы

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Ақмола облыстық аумақтық инспекциясының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 2799 ұсынымының негізінде, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы аумағында келесі аудандарында жатаған (қызғылт) уекіремен залалданған алаңдардың көлемінде карантиндік режимі алынып тасталсын:

1) Егіндікөл ауданы, Бауман ауылдық округі, залалданған алаң – 0,05 гектар;

2) Жарқайың ауданы, Жаңадала ауылдық округі, залалданған алаң – 2298 гектар, Костычево ауылдық округі, залалданған алаң – 883 гектар, Бірсуат ауылы, залалданған алаң – 220 гектар, Гастелло ауылы, залалданған алаң – 600 гектар, Пятигорск ауылы, залалданған алаң – 401,8 гектар, Шойынкөл ауылы, залалданған алаң – 100 гектар;

3) Қорғалжын ауданы, Астана-Қаражар автожолы, залалданған алаң – 190 гектар.

2. Ақмола облысы аумағында Жарқайың ауданының Бірсуат ауылында карантиндік арамшөп – далалық арамсоюмен залалданған алаңының 5 гектар көлемінде карантиндік режимі алынып тасталсын.

3. "Ақмола облысы аумағында карантиндік режимін енгізе отырып карантинді аймағын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 мамырдағы № А-5/270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8493 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Ақмола облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің міндетін атқарушы

Е.Рамазанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2025 жылғы 28 мамырдағы
№ А-5/279 қаулысына
1-қосымша
Ақмола облысы әкімдігінің

Ақмола облысының аумағында карантиндік арамшөп – жатаған (қызғылт) уекіремен залалданған алаңдарға карантиндік режим енгізе отырып белгіленген карантинді аймақ

№	Аудандардың атауы	Қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің және ауылдардың атаулары	Залалданған жерлердің көлемі (гектар)
1	Ақкөл	Ауылдық округтері: Новорыбин, Урюпин	517
2	Астрахан	Ауылдық округтері: Астрахан, Есіл, Николаев, Острогор, Первомай; Каменка ауылы	10 143,7737
3	Атбасар	Атбасар қаласы; ауылдық округтері: Макеевка, Сергеевка, Шұңқыркөл, Ярославка; ауылдар: Бастау, Новосельское	3 836,3489
4	Аршалы	Ауылдық округтері: Жібек жолы, Бірсуат, Константинов	960
5	Біржан сал	Ауылдық округтері: Баймырза, Бірсуат, Макинка; Мамай ауылы	2 663
6	Егіндікөл	Ауылдық округтері: Алакөл, Ұзынкөл, Жалманқұлақ; ауылдар: Абай, Бауман, Буревестник, Егіндікөл, Спиридоновка	17 437,25
7	Ерейментау	Еркіншілік ауылдық округі	650
8	Есіл	Ауылдық округтері: Бұзылық, Двуречный, Жаныспай, Қаракөл, Красивинский, Свободный; ауылдар: Ақсай, Московский; Красногорский кенті	20 864,93
9	Жарқайың	Державин қаласы; ауылдық округтері: Жаңадала, Костычево, Нахимов, Отрадний, Уәлихан;	83 197,1

		ауылдар: Бірсуат, Гастелло, Құмсуат, Львов, Пригород, Пятигор, Үшқарасу, Тасөткел, Тассуат, Шойындыкөл	
10	Жаксы	Ауылдық округтері: Жаңа Қийма, Ешім, Қызылсай, Запорожье, Тарасов, Беловод, Калинин; ауылдар: Жаксы, Терісаққан, Белағаш, Подгорное, Киевское, Новокиенка	14 344,9536
11	Зеренді	Ауылдық округтері: Зеренді, Қанай би атындағы, Күсеп	1 816
12	Сандықтау	Ауылдық округтері: Барақпай, Веселов, Жамбыл, Сандықтау, Широков, Максимов; Мәдениет ауылы	5 134
13	Қорғалжын	Ауылдық округтері: Қорғалжын, Кеңбидайық, Арықты, Майшұқыр, Қызылсай, Амангелді, Қарашалғын	34 323,26
14	Целиноград	Ауылдық округтері: Шалқар, Софиевка, Рахымжан Қошқарбаев, Арайлы, Жаңасіл, Нұресіл, Оразак, Жарлықөл, Родина; ауылдар: Мәншүк Мәметова, Ақмол	37 564,1077
15	Шортанды	Ауылдық округтері: Раевка, Новокубанка, Бектау, Пригородный, Петровка, Андреевка, Бозайғыр, Дамса; Шортанды кенті	19 235,369
	Барлығы:		252 687,0929

Ақмола облысы әкімдігінің
2025 жылғы 28 мамырдағы
№ А-5/279 қаулысына
2-қосымша
Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 28 мамырдағы
№ А-5/270 қаулысына
2-қосымша

Ақмола облысының аумағында карантиндік арамшөп – далалық арамсоюмен залалданған алаңдарға карантиндік режим енгізе отырып белгіленген карантинді аймақ

№	Аудандардың атауы	Қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің және ауылдардың атауы	Залалданған жерлердің көлемі (гектар)
1	Атбасар	Атбасар қаласы	0,2826
2	Есіл	Ауылдық округтері: Двуречный, Қаракөл, Красивинский, Интернациональный, Свободный	45,0
3	Жақсы	Ауылдық округтері: Ешім, Жаңа Қийма, Қызылсай	10,188
4	Жарқайың	Державин қаласы; ауылдық округтері: Жаңадала, Отрадный, Пятигор; ауылдар: Бірсуат, Гастелло, Пригород, Далабай	69,3
5	Зеренді	Айдабол ауылдық округі	0,4884
6	Сандықтау	Ауылдық округтері: Балкашин, Сандықтау, Широков	6,9
	Барлығы:		132,159